

Облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттердің арасындағы 2023 -2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 31-146 шешімі

Ескерту. 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі және 31.12.2025 дейін қолданылады - осы шешімнің 9-тармағымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 45-бабының 4-тармағына сәйкес Алматы облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінен облыстық бюджетке 2023 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар 248 474 284 мың теңге, оның ішінде:

Еңбекшіқазақ ауданынан – 3 012 217 мың теңге;

Іле ауданынан – 217 478 414 мың теңге;

Қарасай ауданынан – 19 447 609 мың теңге;

Қонаев қаласынан – 8 546 044 мың теңге сомасында белгіленсін.

2. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінен облыстық бюджетке 2024 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар 278 482 099 мың теңге, оның ішінде:

Еңбекшіқазақ ауданынан – 4 956 415 мың теңге;

Іле ауданынан – 237 786 938 мың теңге;

Қарасай ауданынан – 23 964 771 мың теңге;

Талғар ауданынан – 2 576 921 мың теңге;

Қонаев қаласынан – 9 196 964 мың теңге сомасында белгіленсін.

3. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінен облыстық бюджетке 2025 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар 297 786 732 мың теңге, оның ішінде:

Еңбекшіқазақ ауданынан – 5 098 254 мың теңге;

Іле ауданынан – 254 610 807 мың теңге;

Қарасай ауданынан – 26 128 245 мың теңге;

Талғар ауданынан – 2 718 060 мың теңге;

Қонаев қаласынан – 9 231 366 мың теңге сомасында белгіленсін.

4. Облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін 2023 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 12 891 190 мың теңге, оның ішінде:

Балхаш ауданына – 2 829 775 мың теңге;

Жамбыл ауданына – 1 899 914 мың теңге;

Кеген ауданына – 2 199 840 мың теңге;

Райымбек ауданына – 2 457 518 мың теңге;

Талғар ауданына – 1 224 478 мың теңге;

Ұйғыр ауданына – 2 279 665 мың теңге.

5. Облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін 2024 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 8 491 816 мың теңге, оның ішінде:

- Балхаш ауданына – 2 019 607 мың теңге;
- Жамбыл ауданына – 520 513 мың теңге;
- Кеген ауданына – 1 797 824 мың теңге;
- Райымбек ауданына – 1 956 065 мың теңге;
- Ұйғыр ауданына – 2 197 807 мың теңге.

6. Облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін 2025 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 9 589 717 мың теңге, оның ішінде:

- Балхаш ауданына – 2 194 292 мың теңге;
- Жамбыл ауданына – 831 811 мың теңге;
- Кеген ауданына – 1 997 107 мың теңге;
- Райымбек ауданына – 2 152 734 мың теңге;
- Ұйғыр ауданына – 2 413 773 мың теңге.

7. Жергілікті бюджеттердің шығыстарында осы шешімнің 1, 2 қосымшаларында көрсетілген бағыттар бойынша бюджет қаражатының ең төмен көлемі ескерілсін.

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың "Бюджет, тарифтік саясат және заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

9. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Д. Жарасбаев

Алматы облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13- желтоқсандағы "Облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттердің арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" № 31-146 шешіміне №1- қосымша

Облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және ауылдық елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі.

мың теңге

№ р/с	Аудандар атауы	"Ауыл – Ел бесігі" жобасының шеңберінде ауылдық елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге		
		2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
	Барлығы	6 304 305	6 304 305	6 304 305
1	Балхаш	439 805		
2	Еңбекшіқазақ	1 242 200	1 828 248	1 828 248
3	Жамбыл	1 354 800	441 301	441 301

4	Іле	356 200	1 513 033	1 513 033
5	Қарасай	809 100	1 386 949	1 386 949
6	Кеген	313 300	63 043	63 043
7	Райымбек	91 700	315 215	315 215
8	Талғар	1 171 700	315 215	315 215
9	Ұйғыр	525 500	441 301	441 301

Алматы облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13-желтоқсандағы "Облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттердің арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" №31-146 шешіміне № 2-қосымша

"Ауыл – Ел бесігі" жобасының шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымы жөніндегі іс-шараларды іске асыруға бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі

мың. теңге

№ р/с	Аудандар атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
	Барлығы	459 793		
1	Еңбекшіқазақ	250 967		
2	Жамбыл	25 909		
3	Іле	182 917		